

Г. Т. ӘБІКЕНОВА

СӨЗ-СИМВОЛДАРДЫҢ МӘТИНТҮЗУШЛІК ҚЫЗМЕТІ

Тіліміздегі символдар мен символдық мәнге ие атаулар да мәтін күрылымында белгілі бір қызмет атқару арқылы мәтін түзуге қатысады. Символдардың мәтіншілдікке қатысын талдамас бұрын, символға тән сипаттар мен символдардың зерттелуіне тоқтала кетсек.

Әрбір этностың, ұлттың мәдени өзгешеліктерін танытатын, ұлттық мәдениетті үрпактан-үрпакқа жалғастыратын тіл – ұлт өмірінің айнасы. Тіл арқылы біз сан ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық болмысымызды, мәдениетімізді танып біле аламыз. Тіл арқылы өз халқымыздың сан ғасырлық мұрасын келешек үрпакқа аманат етіп жеткіземіз. Әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттың тарихи жетістігі тіл арқылы келесі үрпакқа жетеді. Тіл – мәдениетті тану кілті, рухани және материалдық мәдениеттің қалыптасуына қатысатын үлкен күш, мәдениет ескерткіші. Әр тілде оның көркемдігін, құдіретін танытатын, айттар ойды образды, бейнелі түрде жеткізетін, тілдің әсерлілігін арттыратын құралдар бар. Соңдай құралдардың бірі – сөз-символдар. Сөз-символдар халықтың эстетикалық таным-талғамын, шаруашылық кәсібін, мінез-құлық, ырым-наным, салт-дәстүрін, ұлттық рухты тілде ғана жан-жақты танытады. Осыған сай белгілі бір халықтың материалдық және рухани мәдениет элементтері тілде эстетикалық символдар ретінде қалыптасады.

Символ ұфыны алғашында құпиялы, шартты мағынаға ие кез келген заттық белгіні білдірген. Қазіргі уақытта символ ұфыны лингвистика, философия, семиотика, психология, әдебиеттану, мифология, фольклористика, мәдениеттану т.б. ғылым салаларының негізгі зерттеу нысаны болып отыр. Символдар осы уақытқа дейін аталған ғылым салалары түрғысынан жан-жақты зерттеудің көледі. Құдайберген Жұбанов символға түсініктеме бере келіп, оның мынадай қасиеттерін баса көрсетеді:

- символ – таңбаға тепе-тен ұфым;
- өмірді өнермен образды түрде игеруді білдіретін жан-жақты категория ;
- мағынасы шартты, басқа нысан мағынасына ұқсас белгілі бір мәдени нысанан;
- символ – өзінің алғашқы мазмұнын мазмұнға форма беруде қолданатын таңба ретінде кездесетін символды кең түрде түсіну [1].

Ғалым Р. Сыздық қазақ тіл білімінде символдардың жеткілікті дәрежеде зерттелмегендін тілге тиек ете келіп: «символ – идеяның заттық нысаны, астарлы образы» [2, 89], – деген тұжырым жасайды. Символдардың тілдік табиғаты орыс ғалымдарының назарынан тыс қалған жок. Бұл бағытта А. Ф. Лосев, Ю. М. Лотман, А. А. Потебня, В. Виноградов, В. Жирмунский, Н. Гейтб. Ал А. Ф. Лосев «Проблема символа и реалистическое искусство» енбегінде символ терминін тиісті дәрежеде ашып көрсетпейінше, кептеген эстетикалық категориялардың да ашылмайтындығын баса айтқан болатын [3, 5], – десе, Ю. М. Лотман: «Кез келген, тіпті өмір сүріп отырған дәуірдегі мәдениет те, тіпті кез келген лингвосемиотикалық жүйе де символға өз анықтамасын бермейінше, өзінің толыққандығын сезбейді. Символ бейнелеу түрғысынан да, мазмұнын түрғысынан да әрқашан семиотикалық контексте анық ажыратып алуға мүмкіндік беретін, белгілі бір өзіндік тұйықталған мағынасы және анық белгіленген шекарасы бар мәтіннен тұрады» [4, 147], – дейді.

Ш. Уәлиханов, І. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ә. Марғұлан, М. Әуезов, С. Мұқанов енбектерінен бастау алған зерттеулер, И. Кенесбаев, Ә. Қайдаров, Е. Жанпейісов, К. Хұсайынов, Т. Жанұзаков, Н. Уәлиев, Р. Сыздыкова, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, Р. Авакова, Г. Сағидолла, Қ. Ғабитханұлы, С. Жанпейісова, Б. Ақбердиева, С. Дүсіпбаева, А. Сейілхан енбектерінде символдың тілдік табиғатын теренірек аша түседі. Ал этнограф ғалымдар Х. Арғымбаев, Қ. Жәнібеков, С. Қасиманов, А. Сейдімбек енбектері символдарды тағы бір қырынан, этнографиялық түрғыда қарастырады.

«Символ өзінен өзге бір нәрсеге нұсқайды. Символ – сананың түсіндіру ((талдау беру) әрекеті. Символға символданған құбылыстың мазмұнынан тыскары шығатын идеялық мазмұн тән» [5, 12], – деген тұжырым жасайды.

Зерттеушілер символды мәдениетке тән тұрақты құбылыс деп таниды: «Символ ешқашан белгілі бір мәдениет кезеңіне тән емес, ол әрқашан бұл откелді кешіп отіп, откеннен болашаққа сапар шегеді, басқаша айтсақ: символ-мәдениеттің тұрақты элементі [4, 45].

«Символ көрінбейтін, белгісіз, тек сезім арқылы сезілетін, болжанатын, өлі танылмағанды образды түрде бейнелейді» [6, 23], – дейді К. Юнг.

Әдебиеттану ғылымында символ троптың бір түрі ретінде танылып, оған мынадай анықтама беріледі: «бір нәрсені не құбылысты тұра суреттемей, бұларға ұқсас басқа бір нәрсеге, не құбылысқа құпия теліп, жасыра жарыстырып, бұкпелей бейнелеу», – [7, 244].

Әдебиеттану терминдер сөздігінде: «символ – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Жалпыхалықтық тілде кездесетін символда бір нәрсені өз калпынан басқаша сипатта көрсетіп, соңдай-ақ, нақтылы бір затты, нәрсені екінші нәрсенің, не ұғымының жәй баламасы ретінде алу арқылы жасалады. Мысалы, гүл жастықтың символы, ал көгершін бейбітшілік символы ретінде алынады. Бұл жағынан символ түспалдауға (аллегорияға) өте жақын келеді» [7, 299], – деген тұжырым берілген.

Поэзияда символ көбінесе астарлы мағынаны беру үшін жұмсалып, терен бір бүтін сурет – бейне қалпында жұмсалады.

Символды зерттеген әртүрлі бағыттағы еңбектерді қарастыра келе, символға тән мынадай белгілерді көрсетуге болады:

символ – адам санасының даму тарихына сай өрбіген категория;

символ – мәдениеттің тұракты элементі, «мәдениет ескерткіші»;

символ – белгілі бір мазмұнды басқаша (танбалық) формада бейнелеу.

Символ кез келген тілдік бірлік тәрізді өр халықта тән мінез-құлық, наным-сенім, салт-дәстүр, таным-түсініктерін танытады.

Келтірілген пікірлерді қорытындылай келе, мынадай тұжырым жасауға болады: символ – көпқырлы құбылыс, ол – әдебиеттану, мәдениеттану, философия, психология т.б. әртүрлі ғылым салаларына бірдей нысан болып табылады. Символ – поэтикалық образ жасаудағы қуатты құрал.

Зерттеушілер символдардың халықтың мәдениетін, дүниетанымын танытатын мәдени құндылықтар ретінде, ойлаудың, өмірдің бейнесі ретінде, көркем образ, бейнелі сөз ретінде таниды.

Кейінгі жылдары символдардың, символдық мәнге ие этноатaulардың тілдік табиғаты да зерттеу нысанына ілінди. Академик Р. Сыздық: «Қазақ поэзиясының тілін зерттеушілер символ

дегенді кеңінен арнайы сөз еткен емес», – дей келе, «символ идеяның заттық нышаны, астарлы образы» [2, 89], – деген тұжырым жасайды. Символдардың тілдік сипаты бірқатар кандидаттық диссертацияларда қарастырылды.

К. Хұсайыновтың «Қазақ тілінің дыбыс бейнелілігі» еңбегінде қазақ тілінің дыбыс символикалық сөздері фоносемантика тұрғысынан, С. Өткелбаевының «Қазақ тіліндегі дыбыстық символикалық құбылыс» еңбегінде қазақ тілі дыбыстарының символикалық мәнін ашу мәселесі қарастырылады.

Академик I. Кенесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» еңбегінде бұған жалғас С. Дүсіпбаевының «Қазақ ескіліктеріндегі сандар жүйесі» атты кандидаттық диссертациясында сан атауларының символдық мәні сараланып, Р. Аванковының «Фразеологиялық семантика» монографиясында символдағы әлемнің тілдік бейнесі, сандық символдар туралы сөз болады. Е. Жанпейісовтың «Этнокультурная лексика казахского языка» еңбегінде этнографизмнің символдық мәні жан-жақты талданады. Ж. Манкееваның «Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы» атты монографиясында символдардың ұлттық мәдениетке қатысы анықталады. Ә. Қайдаровтың «Қазақ тілінің өзекті мәселелері», Б. Өмірбеков, Е. Ахтамбердиевалармен авторлық бірлестіктегі «Тұр-тұстердің тілдегі көрінісі» және басқа да көптеген еңбектерде кейір этнографизмдер мен тұр-тұс атауларының символдық мағынасы айқындалған.

Ал этномәдени атаулар мен символдық мәнге ие фразеологизмдер сипаты Р. Сыздықтың «Сөз құдіреті», «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» т.б., Н. Уәлиұлының «Фразеология және тілдік норма» т.б. еңбектерінде көрініс табады. Профессор Г. Смағолованың «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» еңбектерінде символдық мәнге ие фразеологизмдер сипаты, Б. Ақбердиевының «Лексика – фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық құрылымдар тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында мифтік танымға негізделген символдар, А. Сейілханнның «Қазақ тіліндегі этнографизмдер лингвомәдениеттанымдық мәні» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында халықтық эстетикалық сұлұлық символизмдері талданады.

Қазақ тіл білімінде антропоцентристік бағыттың өрістеуіне байланысты сөз-символдардың когнитивтік сипаты, лингвомәдениеттанымдық мәні арнайы қарастырыла бастады. К. Жаманбаева

«Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» атты монографиясында символдың когнитивтік мәніне тоқталып: «Ішкі терен қажеттіліктер символ арқылы оянады. Бұл процесс санаға эмоция арқылы белгілі болады. Енді өз кезеңінде сана ішкі қажеттілікті қанағаттандыру үшін қайтадан символдар жүйесіне жүгінеді. Сөйтіп терен негізі бар қажеттіліктердің сипаты символдар арқылы анықталады. Яғни, сана сыртқы факторларға тандаулы түрдегі тәуелділігін немесе ішкі өсу, жетілу қажеттілігін белгілі бір модельдің, форманың бойына жинақтау арқылы шешеді» [8, 8], – деген тұжырымға келеді.

Б. Жетпісбаевың, А. Бақтыбаевтың, А. С. Айқұлованың зерттеулерінде символдың көркем әдебиетте қолданылуы, оның орыс тілінен аударылуы мәселелері зерделенеді.

Бұдан шығатын қорытынды, бүгінгі танда символдар тек мәдениеттану, философия, әдебиеттану ғылымдарының ғана емес, лингвистиканың да маңызды нысаны болып отыр. Лингвистикалық түрғыда символдардың этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, когнитивтік сипаттары арнайы зерттелініп жүр. Алайда символдар мәтін лингвистикасының нысаны ретінде зерттелмеген. Қазақ тіл білімінде мәтін лингвистикасы түрғысынан символдардың мәтін құрылымында қандай қызмет атқаратыны, мәтін стилистикасына, мәтін семантикасына қатысы қарастырылған емес.

Символды ескерткіш деп танумен қатар, оның мәтіншілдік компонент болып табылатынын да ескериуіміз керек. Мәтін құрылымында символдар ерекше стилистикалық қызмет атқарады. Сонымен қатар символдар мәтін семантикасына, архитектоникасына да қызмет етеді.

Символ белгілі бір мәдениеттегі семантикалық қызметі арқылы шындықтың әртүрлі жақтарын бір бүтінге біріктіреді. Кез келген зат, оқиға, әрекет өзіндік нақтылықтың шегінен шығатын мағынаға (идеяға) ие болғанда символ ретінде танылады.

Символға символданған құбылыс образының мазмұнының шегінен шығатын идеялық мазмұн тән. Символда тек қана символданған образдың сыртқы суреті түсінілмейді. Образ бұл жағдайда барынша кең түрдегі белгілі бір идеяны арқалайды. Ол шындықтың тек бір белгілі ретінде өмір сүрмейді, сонымен қатар, басқа бір шындықты кесіп өтеді және бейнелейді. Сондықтан символ

мағынасын оның образын тұра, нақты тану арқылы үғуға болмайды. Бұл көзқарасты қуаттай түсетін «символ басқа арқылы және басқа үшін өмір сүреді», «символ өзінің сыртқы тұлғасында белгілейтін бейнесінін мазмұнын қорытады». «Кез келген символ өзі бейнелейтін құбылыстың бейнесінен (шегінен) алшактайды немесе «символ әрқашан шындықтан алшак жатады», «символ нақты элемент, ал оның нысаны абстрактілі» дейтін пікірлер бар.

Символдардың мәтін құрылымындағы қызметін сөз еткенде, олардың мәтіндегі астарлы ойды қалыптастырудың орнын атап көрсету орынды. Символ өзіне мәтіндегі астарлы ойды жасырып тұрады. Символдық мағынаға талдау жасау арқылы, оны анықтау арқылы біз автордың мәтін астарында қандай ойды білдірмек болғанын аңғара аламыз. Ал осы символдардың мағынасын түсіну үшін мәтін мазмұнын толық түсіну қажет. Символдың символдық мағынасын бірден түсіну кейде қындау болып жатады. Мәтіннің әр алуан болып келуі символға көпмағыналылық сипат береді. Символдың мағынасын кейде бір сөйлем немесе абзац, тіпті бүкіл мәтін көлемінде алып қарағанда ғана тануға болады.

Мұхтар Әуезовтің «Құлы заман» повесінен алынған мына бір үзіндіге назар аударсак, «Жұыллып тазарғандай ашылып, кок мөлдір болып тұрган аспаннан Асы өлкесіне жайнаган жарық күннің сәулесі де түсін еді. Бірақ дәл осы шақастаудай Асы жайлайын бұлт арасында тұргандай, ертегі орнындағы гылым көрсететін. Өйткені айналадагы қатпарлы қалың жоста, қарагайлы қара биқтерден ақ сүр тұман әлі айықсан жоқ. Алатау басына шоғіп откен қара қошқыл қою сұрғылт үлттың төмөндең үшінан жартысы қарагайга, жартасқа жасбысын, аспан үйқысындағы қаптай жсауып, үйіліп, үйіріліп тұр. Жалығып қалғыган ақ тұман Асы айналасындағы тауларға шұбатылған сәлдедей оралып, бұралып жүр.

Биік таумен дәл қосылған жері қоюланып қарақошқылданып кетеді. Қиналып, ортеніп қосылғандай. Күпісін айналдырып киген қарагайлы биік шошақтың басы тұман ішінде әлдене түстей сұлу, сағымды шағына сүйсініп, бұлтты қабагын шытынған сияқтанады. Ауырлықпен, азаппен емес қоңылдің жайлы рахат тыныштығымен еркеленіп шытынған сияқты. Тұманды аспан сүйсіндіріп қалқытқандай. Сағымды қиял бұлтты, салмақпен қошиқошын айтып, жоғары көтеріліп таудың басынан асып барады.

Жазық үстінен кең аспанда кесек-кесек ақ мамықтай болып **ақ бұлттар** қыдырағады. Көк дала-ларда, кішкене тобелерде, ауыл, мал үстіндегі маминың белгісіндегі болып, **ақ бұлттың** жесіл жайлыш көлеңкесі үшады, тутындей, будай тоңкеріліп, сзылып отеді. Конырлық, пен шаңқыған жарық ауысады. Адам ойындағы өкінішті естегі мен күн шуақтың қызық рахат сағатының ауысқаны сияқты арманда ыстық кешегі мен күдікті күпті бүгінгінің ауысқаны сияқты (М. Әуезов).

Жоғарыда көрсетілген мысалдарға зер салсақ, бірнеше абзац бойына автор Асы өлкесінің табиғат суретін бере отырып ақ сүр бұлт, кара қошқыл бұлт тіркестерін бірнеше мәрте қайталап колданған. Бұл мысалда «бұлт» сөзі халық басындағы жағдайды танытатын символ ретінде қолданылған. Мәтін мазмұнындағы белгілі бір ақпараттың жасырын берілуі, автордың айтайын деген ойының маңыздылығын арттыра түседі. Автор мәтінде астарлы ойды (подтекстовая информация) символ арқылы білдіреді. «**Мәтін астары** жасырын берілген ақпарат болып табылады да, ол рецептиенттің қабылдау-түсінуі арқылы белгілі болады. Оны түсіну мәтін бірліктерінің арасындағы ассоциациялық байланыстың, олардың «аккумулятивтік» қасиеттерінің нәтижесінде іске асады» (Маретбаева. Әнгімелей мәтінінің тілдік –стилистикалық ерекшеліктері).

Жазушы тау басындағы қара қошқыл бұлттың ақ мамық бұлтпен ауысуы қарапайым халықтың басынан өткен аумалы-төкпелі заманның өтіп, енді мамыражай тіршілік басталғанын андататындей. Ақ сүр тұманның толық ыдырамауы халық қоңлінде өлі де болса қорқынышы мен құдігі басым екендігін білдіреді. Ишарамен берілген бұл түсінік, автор көзкарасы мәтін мазмұнынан да айқын анғарылып қалады. Символдық мағынаны соңғы сөйлем түсініріп, аша түсептін тәрізді. Сонымен қатар бұл мысалда психологиялық параллелизм сарыны да байқалады. Автор табиғат құбылысымен қатар адам ойындағы өкінішті естегі мен күн шуақтың қызық рахат сағатының ауысқанын салыстыра, жарыстыра бейнелейді.

Символдық мағына мәтінде мағына тұтастығына да қызмет етеді. Символдық мағына дегеніміз – сөздің қосымша, жанама мағынасы. Символдың ерекше сипатының бірі – оның мазмұнының жинақылығы мен мағыналарының тенденциясы. Символ тен дәрежедегі мағыналардың құрауы ретінде көрінеді. Бұл сипат символды аллегориядан, троптың басқа түрлерінен ерекшелейді.

Мағыналық мазмұн құрылымы тұрғысынан алып қарағанда, символ құрделі таңба ретінде сипатталады. Ондағы мағыналар немесе концептілер бір-бірімен қосыла отырып, кешенді түрдегі мазмұнды құрайды.

Символ көптеген ассоциация тұтызуға бейім келеді. Э. Сепир: «біріншіден, символ әрқашан белгілі бір әрекеттің орынбасары ретінде көрінеді. Екіншіден, оның тұлғасы беретін алғашкы мағынасынан өзіндік мағынасы кең» [9, 90], – дейді. Символға көп мағыналылық тән. Символдың өзіндік құрылымы әрбір жеке құбылыс арқылы бүтін әлем бейнесін беруге бағытталған.

К. Юнгтың символдарды психология ғылыми тұрғысынан зерттеп, мынадай түсініктеме береді: «символ образно выражает невыразимое, неизвестное, лишь предчувственное, лишь предугадонное, еще не познанное» [6, 14].

Сонымен қатар символды – мәтін стилистикасын құраушы элемент ретінде де тануға болады. Мысалы,

Қатубай үйінің барлық жансы торт адам тегіс үйінде екен. Үйде қалған Бақтығұлдың шитісімен Қатубай бір елік атын алып келіп, соның жылы жұмысагынан қатыны қуырдақ, қуырып, шай қайнатып жасырап екен. Тыныш еркін өмірдің жылы үйшигі, қазан аспада маздаган оты, ыстық шайы, шыжылдан жасатқан жайлышы істі қуырдағы Бақтығұлдың жалғызырап тоңазыған қоңлін бір мүйинетке болса да алаңдатып, жылытып жібергендей болды.

Иесіз таудың ішіндегі жалғыз үйлі кедей сол түрдегі момын сүр жалғызырып тіршілігіне қанағат қылып, ошақ басының жылылығында, сол ошақ ауданындағы кішкене сүйкімді ауданында өмір сүріп, оған қанағат етіп күнелтуші еді (М. Әуезов). Берілген мысалдағы ошақ сөзі символдық мағынада қолданылған. Басына күн туып, от басы, ошақ қасынан безінуге мәжбүр болған, түн қатып дала кезіп, қанғырған Бақтығұлға Қатубай үйінің жылы ошағы үй ішіндегі бала-шаға мен отбасы мүшелерінің қоңліндегі жылылықты, жайbaraқат, уайымсыз, коркынышсыз тіршілікті танытады.

Халықтық тіліміздегі көркемдегіш элементтердің бір саласы болып табылатын символдардың мәтін құрылымында стильдік қызметі ерекше. Символды қажет жерінде орынды қолдану арқылы көркем шығарма авторы айтпақ ойын көркемдеп жеткізеді, сол арқылы шығарманың бейнелілігін арттыра түседі.

Буалдыр күңгірт күздің қазіргі күні кірлекендей болып салбырап, кіржсіп түр. Сүр тонды, сүр түсті

жүдеу мерген **сұр** тас пен тұнерген аспанның түсіне боялып, қалың жым-жырттыққа қоса батқандай (М. Әуезов). Сұр сөзі арқылы автор кейіпкер көніліндегі кірбінді, көнілсіздік пен уайымды да танытады. Құздін құңгірт құнінде тау-тасты кезіп, қашқын бол жүрген Бактығұлдың психологиялық жағдайын тереңірек аша түседі. Сұр бұлт пен тұнерген аспан кейіпкер көніл-күйімен қосылып астасып жатыр.

Символдар танымдық, ұлттық мәдени мағыналарға ие. Олар халықтың дүниеге көзкарасын, таным-түсінігін аңғартады.

Терістік – шығысқа қарай іркесе-тіркесе қатар түзеген топтыра көрінді. Ораз-Мұхамед сонда гана ат басын тартты. Қок жүзінде қалқи самаган азат құстарға тамашалай қараган. Өзіне де сонашалық жеңіл, сонашалық еркін сезініп еди (М. Мағауин).

Бұл мысалда күс – еркіндіктің, азаттықтың символы ретінде алынған. Еркіндік символы ретінде құстарды тамашалап тұрған кейіпкер көніліндегі бостандықты, азаттықты егіздей суретте арқылы автор психологиялық параллелизмі ұтимды қолдаған. Символға тән қасиет оның образзылығы. Қөптеген зерттеушілер символдың образ тудыру қасиетіне басты назар аударады.

М. Жұмабаевтың «Алданған сұлу» өлеңінен келтірейік:

Ал бүгін ол көріктің бәрі де жоқ, Ақмарал аяғына дәл тиген оқ. Өкіндің, жастық, мастық ісің отті.

Ah ұрдың, сыртың – жалын, ішиңде – шоқ.

Тіліне құ тұлқінің тез алдандың.

Ойламай таңдағыны, тез құп алдың.

Тап-таза ат, көркем көрік – бәрі кетіп, Өміріңше құтыла алмас атта қолдың.

Ал тұлқінің бак-дәулет, лауазым символы ретінде сипаты өзгеше. «Маньчжур, сібе салтында, тұлқи – жебеуші әулие, бак-дәулет, лауазым пірі болып есептеледі. Сібелер тұлқіні өлтірмейді. Тіпті тұлқі қыын келе жатқан аңышыларга кезіксе, сол тұлқінің немесе құнын төлеп, аман алып қалатыны бар. Қазір Дохалдай сол тұлқи пірінің алдында қаттаулы алақанын маңдайына тигізіп, сыйына құбірлейді» (К. Жұмаділов «Тағдыр»).

Демек символ мен аллегория белгілі бір тұлға негізінде өзге бір түсінікті танытса да, екеуі екі түрлі сипатқа ие.

Символдың өзіне тән ерекшелігі оның образзылығы. И. Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты еңбегінде сан атаулары үйтқы болған фразеологиялық құрамындағы сандар-

дын белгілі бір нәрсенің, құбылыстардың ұтимдық символы ретінде қолданылатындығы туралы пікір білдіреді [44].

Осы мәселеге қатысты тұжырымы Г. Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспекттілері» монографиясынан да кездестіреміз: «Фразеологизмдердің мәдени ұлттық түсініктер дерегінің тағы бір қайнар көзі – тілдегі сөз-символдар, символдық мән алатын сөздермен сөз тіркестері.

Әдette мәтін ішіндегі тілдік символды аңғаруға, түсінуге, бағалауға көкірек көзі керек. Ал фразеологизмдердің астарындағы өз табиғатынан туындастын экспрессивті мағына мен ойға қосымша, сол ойдан тағы бір тұспал ойдың шығуы, оны түсіну – өрине, ішкі зерденің тереңдігіне байланысты.

Тізесі бату, бауыры елжіреу, жүрегін жаралау, жүрек тоқтату тіркестеріндегі тізе – өктемдік, бауыр – жақын тарту, жүрек – нәзік, жан дүние; жүрек тоқтату тәрізді ұтимдардың арғы түсінігі символ сөздерден шығады ... Сонда заттардың символдық көмегімен, тілдік белгілердің атымен символға айналуы фразеология жасауда астарлы ойдың, тұспалдың тағы бір көмексі кыры ашылады» [10, 153].

Фразеология құрамындағы астарлы ойға, тұспалға құрылған символдық мағынаға ие болатын сөздерге, бүтіндей тұракты тіркестерге мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Тіліміздегі ақ сөзіне байланысты ақ жарқын, ақ жүрек, ақ коніл, ақ иық, ақ тілеу т.б. құрамындағы ақ, қара сөзіне байланысты қара жамылды, қара қагаз, қаралы ат, қаралы ер-тұрман, қаралы болды т.б. құрамындағы қара сөзі, айдай сұлу, жаңа тұган айдай, толған айдай, ай қабақ, алтын кірпік т.б., тортінде тұган айдай т.б. құрамындағы ай сөзі – белгілі бір символдық мәнгі ие.

Мағжан Жұмабаевтың өлеңін мысалға келтірсек:

Караңғылық қоюланып келеді,

Пеш ішінде шоқ ақырын сөнеді.

Күлімсіреп жсанымдагы жас бала

Қызық көріп сөнген шоқты үреді.

Шоқ үстінен кішкене ұшқын ұшты да,

Біразырақ шоқ қызыара түсті де,

Дереу соніп, тезірек күлге айналды,

Астындағы ыстық күлді құшты да.

Пеш ішінде шоқ ақырын сөнеді,

Сөнген шоқты үріп бала қүледі.

Ой басты ма? Әлде көзім талды ма,

Мөлт-мөлт етіп көзіме жас келеді.

Ішкі дүниеден беймәлім үн келгенде, шоқ та, оны үрген бала да, от басында отырған жан да құпияға айналып, өз кейпін өзгерте бастайды. Беймәлім белгісіз ұфым пайда болады. Осының барлығы – қасірет деген ұфымның ішкі белгілері. Сонымен бірге өлең арқылы ақын өнерінің биіктігі көрінеді. Қасіретке қарсы дәрмені, қайғының барлығы, адамның ішкі күйзелісі – көзіне жастың келуі арқылы анғарылады. Ақынның шеберлігі, ақынның құдіреттілігі ешқандай қайғы, қасірет, киыншылық, ауыртпашилық деген сөздерді колданбай-ак бейне арқылы жеткізуі. Мағжанның мистикалық бейне сөздері – сыртқы дүниені тануға бағытталған белгілер емес, ішкі дүниенің тылсым сырларын іздеуден, жан дүниенің тереңінен үңілуден туған бейнелер.

Берніяз Құлеевтің «Әдемі тұн» өлеңін талдайтын болсак,

*Қалғыған арыстандай асқар тауың,
Төбесі тіреледі көкке жетін.
Айбатпен аузын ашқан айдаһардай,
Алыстан көрінеді терең жарлар.
Ман-майда аспан беті молдір судай
Қалған жсоқ айналада жұлдыз тумай.
Теңсөліп тұнық суда шалықтаган
Алтын ай көрінеді аппақ қудай, –*

деп өрнек салады.

Қалғыған арыстандай асқар таулар, айбатпен аузын ашқан айдаһардай терең жарлар, аппақ қудай ай, жалақ ойнап жүрген қыздардай, жымың қаққан жұлдыздар – ақынның мифопоэтикалық санасының терең киырларын, мифологиялық ойлау жүйесінің символикалық нышандарын паш етіп тұрғандай. Қазақ поэзиясындағы мифопоэтикалық қатпарлар, мифологиялық ойлау жүйесі, оккульттік түсінік-пайым, әртүрлі символикалық нышан белгілер, оның әзотериялық табиғатын күшайте түседі. Мифологиялық символиканы поэзиядағы көркемдік тәсіл деп танимыз. Ал символикалық ойлаудың негізгі құрылым нысанына, тіректеріне архетиптер жатады. Көркем шығармадағы, поэзиядағы архитиптер образдық мағына-мәннің ядролары, негізгі тудыруышы, алғашқы болмысы болып табылады.

Әр халықтың салт-сана, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілігі, наным-сенімі, діни түсінігіне байланысты архетиптер әркілі мағыналық болмыс пен мәнді иеленеді. «Сүйікті қайғылыға» өлеңі де символдық өлең болып табылады.

*Жеркенің етің,
Ортениң бетің
Махаббаттың дертінен;
Ойлаттай ойды,
Жаздырмай бойды,
Айырды есіл еркінен.
Махаббат оты – қызыл шоқ,
Жалғанда онан қызын жоқ [Б. Құлеев].*

Ақын өлеңінде махаббаттың құдіреттілігі символ арқылы, яғни от, шоқ символы арқылы танылып тұр. *Дерт, өртенеу, есінен айырылу* – барлығы махаббаттың құдіреттілігін танытуға жұмсалған символдар.

Қайғы-қасірет, сағыныш, туған жерге деген сағыныш, әлеуметтік әділетсіздік те жас символы арқылы беріледі.

*Мұнарланып көрінген бастарың-ай,
Қатарланған жүктей бол тастарың-ай!
Кайран таулар есіме түскен күнде,
Ага берген көзімнен жастарым-ай!*

[Б. Құлеев].

Бұл мысалдардан көріп отырғанымыздай, символдар мәтін құрылымында күрделі қызмет атакарады. Олар мәтін мазмұнына өсер етеді, стилистикасына қызмет етеді. Мәтіннің көркемдігін асырып, өсерлілігін арттырады.

Қорыта келгенде, символдардың мәтін түзуде өзіндік орны, атқаратын қызметі бар. Олар мәтін семантикасына, мәтін құрылымына қызмет етеді. Символдардың мәтіншүзілік қызметін карастыра келіп оның мынадай қызметтерін санамалап көрсетуге болады:

- мәтіндегі астарлы ойды көрсетуге қызмет етеді;
- мәтіндегі мағына тұтастырын қамтамасыз етеді:
 - мәтіндегі абзацтарды байланыстырады;
 - мәтіншүзілік бірлік ретінде көркем шығарманың әмоционалды-экспрессивтік, стилитикалық композициясын жасауға катысып, стилистикалық қызмет атқарады.

ӘДЕБИЕТ

1. Жұбанов К. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1999. 581 б.
2. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Алматы, 1995. 207 б.
3. Лосев А.Ф. Проблема символа и реалистическое искусство». М., 1976. 367 с.
4. Лотман Ю.М. Структура художественного текста. М., 1975. 384 с.
5. Спиркин А.Г. Сознание и самознание. М., 1972. 333 с.

6. Юнг К. Архетип и символ. М., 1991. 304 с.
7. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, 1982. 456 б.
8. Жаманбаева К. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері. Эмоция, символ, тілдік сана. Алматы, 1998. 137 б.
9. Сепир Э. Избранные труды по языкоznанию и культурологии. М., 1993. 185 с.
10. Смагулова Г. Мағыналас фразеологизмдердің үлттық-мәдени аспектілері. Алматы, 1998. 196 б.

Резюме

Рассматриваются символы как текстообразующая единица.

Summary

There is considered symbols as text forming units. Researching of symbols and their text forming function is analyzed in this article.